

12 наурыз  
сәрсенбі,  
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# ОЙЫЛ

## КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ БЫЛТЫРҒЫ «САБАҚТЫҢ» САЛДАРЫ

«КЕЛ БІЗДІҢ ОЙЫЛ, ҚИЫЛ САЛАМЫЗҒА...» ДЕП ӨНДЕТКЕН БІЗДІ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕКІ ӨЗЕННІҢ АРНАСЫНАН АСҚАН СУ ӨБИГЕРГЕ САЛДЫ. БИЫЛ ДА СОЛАЙ БОЛАТЫН СИЯҚТЫ. ОСЫ АПТАНЫҢ АЯҒЫНА ТАМАН КҮННІҢ КҮРТ ЖЫЛУЫ КҮТІЛУДЕ. АҚПАНЫҢ СОҢҒЫ СЕГІЗ КҮНІНДЕ ТҮСКЕН ҚАР АЙЛЫҚ ЕМЕС, ТІПТІ ЖЫЛДЫҚ НОРМАДАН АСЫП КЕТТІ.



Ауданда су кіруі (Ойыл, Қиыл және Қайыңды өзендерінің тасу салдарынан) ықтимал 7 елді мекен бар. Ақкемер, Кемер, Ақжар, Қаратал, Көптоғай, Амангелді, Қарасу ауылдары қауіпті аймаққа жатады. Жалпы 831 тұрғын үй бар, халық саны 4607 адам. Су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын-алу бойынша ауданда 7000 куб қар шығарылды, жұмыстар жалғасуда. Жанар-жағар май қоры (3 тонна АИ-92, 4 Д/Т, 3 тонна газ), 30 000 дана қапшық, 5 қайық, 31 мотопомпалар, 350 000 тонна инертті материалдар әзірленді, 6-погрузчик, 8-МТЗ-82, 3-ассенизатор, 2-УАЗ техникалары

дайындыққа келтірілді, бюджеттен 20 млн. 70 мың теңге бөлінді (2024ж – 8,320). 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша жазғы-күзгі кезеңдегі инженерлік жұмыстар жоспары бойынша 11 іс-шара қарастырылып енгізілген, қазіргі таңда 8 іс-шара орындалды, 3 іс-шара бойынша жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде: -Қаратал ауылына және Ойыл селосына кіреберіс жолдарын ағымдағы жөндеу; -Ойыл ауылына кіреберіс көпірін реконструкциялау; -Қаратал және Ақкемер ауылдарында жағалауды нығайту мақсатындағы қорғаныс бөзеттері толық аяқталды.

Қазіргі таңда аталған елді мекендерге комиссиялық көзбен шолу тексерістер жүргізілуде, анықталған кемшіліктер бойынша ауылдық округ әкімдеріне тапсырмалар берілді. Аудандық метеостанцияның ақпараты бойынша 2025 жылдың бүгінгі күні: - қардың орташа тығыздығы 0,20 гр/см. (2024 – 0,28 гр/см.) - қардың орташа биіктігі 40 см (2024 – 19 см.) - қардың максималды биіктігі 57 см (2024 – 22 см.) - қардың минималды биіктігі 25 см (2024 – 15 см.) - қардағы су қоры 80,0 мл. (2024 – 62,2 мл.) - мұздың орташа қалыңдығы 40 см. (2024 – 60 см.)

Аудан аумағында 6 гидротехникалық құрылыстары орналасқан («Қазсушар» РММ меншігіндегі «Тамдықөл», «Қиыл-Тассай», «Жекендісай» және коммуналдық меншіктегі «Мұқан», «Күб», «Батпақты») қазіргі таңда жөндеуді қажет етеді. (2024 жылғы су тасқыны кезеңінде зақымдалған аймақтары бар) «Қазсушар» РММ меншігіндегі гидротехникалық құрылыстарға Ойыл аудандық участогы инженерінің ақпаратына сәйкес ағымдағы жылда жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Амангелді, Көптоғай, Қаракөл елді мекендеріндегі бөгеттер нығайтылып, аудандағы эвакуациялық пунктер жасақталып, азық-түлік қорын әзірлеуге кәсіпкерлермен келісім шарттар жасалды.

Сонымен қатар Ойыл өзені бойында мұз кептелісі болу аймақтарында мұз жару жұмыстарын жүргізу үшін «Нормал Ворк» ЖШС-мен 9 000 000 теңгеге келісім шарт жасақталып, барлығы 3600 шаршы метр мұз жарылды. Атап айтар болсақ, Ашықбай, Сарқырауық, Ақмешіт маңындағы мұз кептелуі мүмкін аймақтарда мұз жару жұмыстары жүргізілді. Р. С. Ал, көптің көңілін алаңдатып отырған мәселе - екінші уақытша көпірдің құрылысы. Мердігерлер су келгенше үлгереміз деп сендіріп отыр...

**Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,**  
Ойыл селосы.

## ӨНІР БАСШЫСЫ ТЖ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕДЕЛ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Төтенше жағдай жөніндегі жедел штаб отырысында өңірдегі су тасқыны жағдайы туралы мәселе қаралды. Бүгінгі таңда Ақтөбе қаласы мен 12 аудан аумағында су тасқынына қарсы іс-шаралар жоспарлы жүргізілуде. Дайындық аясында қорғаныс бөгеттері салынып, арықтар мен каналдарды, су өткізу құбырларын тазарту жалғасуда. Құм толтырылған қаптар дайындалып, өзендерде мұз жару жұмыстары жүргізілуде. Өңірімізде мұндай 22 орын бар.

Облыстық ТЖД бастығы Ка-

харман Оразалиннің айтуынша, ТЖД қызметкерлері 59 бау-бақша ұжымын (1 854 үй) аралап, тұрғындарға қауіп төнген жағдайда қалай әрекет ету туралы жадынамалар мен буклеттер таратты. Асхат Шахаров су басу қаупін азайту үшін көшелерді және аула аумақтарын қардан тазартуды, жаңбыр суын сору жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне мониторингті күшейту және алдын алу шараларын уақытылы жүргізу міндеттелді.

## АНА - ҰЛТТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



8 наурыз – көктемнің шуақты мейрамы, әйел-аналарға құрмет көрсететін ерекше күн. Осы атаулы мерекеде аудан әкімі ардақты аналарды арнайы құттықтап, олардың еңбегіне алғыс білдірді. Әкімнің арнайы құттықтауына еңбекқор, елге үлгі болған аналар – Шәйзада Қлипанова, Рухан Алманиязова және «Алтын алқа» иегері Бибі Ба-

зарова ие болды. Олар саналы ғұмырын бала тәрбиесіне, халыққа қызмет етуге арнап, қоғамның дамуына өз үлестерін қосқан ардақты жандар. Қатысушылар әкімнің құрметіне ризашылықтарын білдірді. Көктемнің шуақты мерекесінде елдің гүлденуіне өз үлесін қосқан аналарға құрмет көрсету – ізгі дәстүрдің белгісі.

## ЖАҢҒЫРҒАН ДӘСТҮРДІҢ ЖАҢА СИПАТЫ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨНЕДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН АСЫЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ БІРІ – КӨРІСУ МЕРЕКЕСІ. БҰЛ КҮН ҚЫСТАН АМАН ШЫҚҚАН ХАЛЫҚТЫҢ БІР-БІРІМЕН ЖҮЗДЕСІП, АМАҢДАСЫП, АҚ ТІЛЕК АЙТУЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. ӨСІРЕСЕ, ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫС ӨНІРЛЕРІНДЕ БҰЛ МЕРЕКЕ ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТІП, ЖАСЫ ҮЛКЕНДЕРГЕ ІЗЕТ КӨРСЕТІЛІП, КӨРІСУ РӘСІМІ ОРЫНДАЛАДЫ. КӨРІСУ – ТЕК КӨКТЕМНІҢ БАСТАЛУЫН БІЛДІРІП ҚОЙМАЙ, ХАЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ МЕН ТАТУЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ.

Көрісу мерекесі жыл сайын 14 наурызда басталады. Бұл күні халық ерте тұрып, алдымен үлкендерге барып көріседі, ақсақалдар мен әжелерден бата алады. Көрісу рәсімі – тек амандасу емес, адамдардың арасындағы байланысты нығайтып, араздықтарды ұмытуға мүмкіндік беретін үлкен дәстүр. Қол алысып, төс қағыстырып, "Жасың құтты болсын!" деп тілек айту – бұл күннің басты ерекшелігі. Қазық халқы "Көріспегеннің көзі шығады" деп бекер айтпаған. Егер адам Наурызда жақындарымен көріспесе, оны дұрыс емес деп есептейді. Бұл күн адамдардың арасында мейірімділік пен кешірімділікті насихаттайды. Кей жерлерде «Амал» деп те айтылады. "Амал" сөзі парсы тілінен аударғанда "есеп", "қисап" деген мағынаны білдіреді. Көне заманнан бері бұл күнді жыл басындағы табиғи өзгерістерді бақылаумен байланыстырып келген. Дәл осы кезеңде ауа райы жылып, табиғат жандана бастайды. "Бір жас қосылды" деген сөз де осыдан шыққан. Бұл – адамның жасын санап, аман-есен көктемге жеткеніне шүкіршілік



білдірудің белгісі. Бұл мейрамның басты ерекшеліктерінің бірі – көрісу дәстүрі. Бірақ мұнымен шектелмейді. Көрісу – адамдар алыс-жақын туыстарымен, достарымен, көршілерімен қауышып, үлкендерге құрмет көрсетеді. Татуласу – бұрын араздасып қалған жандар осы күні бір-бірін кешіріп, қайта достасады. Дастарқан жаю – әр үйде мол дастарқан жайылып, наурыз-көже, бауырсақ, құрт, қымыз, ет тағамдары дайындалады. Бата беру – үлкендер жастарға ақ батасын беріп, амандық, ырыс-береке тілейді.

Көрісу мерекесі негізінен Қазақстанның батыс өңірлерінде – Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында кеңінен тойланады. Сонымен қатар, бұл дәстүр Ресейдің Астрахань, Орынбор, Самара, Саратов облыстарында, сондай-ақ Өзбекстан мен Түркіменстанда өмір сүретін қазақ диаспоралары арасында да сақталған. Бүгінде жастар бұл дәстүрді заманауи форматта жалғастырып, әлеуметтік желілер арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Бірақ дәстүрдің түпкі мағынасы өзгерген жоқ – бұл күн бауырмалдық пен татулықтың мей-

рамы болып қала береді. Қазақ халқының бұл көнеден келе жатқан дәстүрі 2019 жылы Қазақстанның Ұлттық мәдени мұра тізіміне енгізілді. Бұл – Көрісу мерекесінің маңызын арттыра түскен маңызды қадам. Көпшілік Амал мерекесін Наурыз мейрамымен шатастырып жатады. Бірақ бұл екі мейрам бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, айырмашылықтары бар: Амал – көктемнің алғашқы жаңаруы, табиғаттың оянуы. Наурыз – жаңа жылдың толыққанды келуі, күн мен түннің теңелуі. Амалдың басты ерекшелігі – көрісу дәстүрі, ал Наурызда негізінен наурызкөже әзірленіп, ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Амал мерекесі – тек дәстүр емес, ұлттық бірліктің символы. Бұл күні адамдар кешірімділік танытып, үлкендерден бата алып, бауырмалдық пен мейірімділікке бет бұрады. Сондықтан 14 наурыз күні барша жақындарымызбен көрісіп, "Жасың құтты болсын!" деп амандық сұрап, ұлттық дәстүрімізді дәріптейік!

### СУ ТАСҚЫНЫ МЕН СУ БАСУ КЕЗІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

#### СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУІП ТӨНГЕН КЕЗДЕ

- Радио, теледидар және интернеттегі ақпаратты қадағалаңыз
- Жылы киім, азық-түлік және дәрі-дәрмектерді дайындаңыз
- Газды, электр қуатын және суды өшіріңіз
- Бағалы заттар мен жиһаздарды жоғарғы қабаттарға немесе шатырға орналастырыңыз
- Құжаттарды су өткізбейтін пакеттен ораңыз
- Мал айдайтын орнын белгілеңіз

#### СУДЫҢ КҮРТ КӨТЕРІЛУІ КЕЗІНДЕ

- Өзіңізбен бірге заттар, азық-түлік, су және дәрі-дәрмек қорын алыңыз
- Су тасқыны аймағынан шығыңыз
- Эвакуациялау үшін арнайы орынға жиналыңыз
- Мүмкін болса, суда қалған адамдарға шұғыл түрде көмектесіңіз
- Үй жануарларын қауіпсіз жерге көшіріңіз (байлаудан бастаңыз)

## «КӨШЕ НАУРЫЗЫ» МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРЫ

№	КҮННІҢ АТАУЫ	ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ	МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТЫ
1	Көрісу күні	14 наурыз (жұма) Сағат: 10-00 Мәдениет үйі алаңы	Аудан тұрғындары мен мекеме қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Ойыл ауылдық округі және ауылдық округі ғимаратындағы барлық мекемелер, Ойыл қазақ орта мектебі, А.Қойшығұлов көшесі, Амангелді көшесі, Көкжар көшесінің тұрғындары. <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		14 наурыз (жұма) Сағат: 11-00 Ойыл аудандық жастар орталығы ғимаратының алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		Барлық ауылдық округтер	Қоғамға танымал, ауданның, ауылдың дамуына үлес қосқан аға буын өкілдерін құттықтап бару шаралары / құттықтап бару, әлеуметтік желілерге түрлі тақырыптық видеороликтер тарату/
2	Қайырымдылық күні	15 наурыз (сенбі) Сағат: 10-00 Ойыл аудандық орталық аурухана алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Желтоқсан көшесі /Еркін көшесіне дейін/Тәуелсіздік көшесі,Халел Досмұхамбетов көшесі, Н.Тапалова көшесі <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		15 наурыз (сенбі) Сағат: 11-00 Колледж алды	Колледж студенттері мен қызметкерлерін, көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Құрманов көшесі /Ержанов көшесінен Бақтаралға дейін/Дәуленов көшесі /Құрманов көшесінен аяғына дейін/ Ержанов көшесі /Құрманов көшесінен аяғына дейін/ Еркін көшесі /Абай көшесінен аяғына дейін/ 22 үйлік <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		15 наурыз (сенбі) Сағат: 11-00 «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы алаңы	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Масатов көшесі, Шернияз көшесі, <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		Барлық ауылдық округ	Әлеуметтік игі істер, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру
3	Шаңырақ күні	16 наурыз (жексенбі) Сағат: 10-00 Оқушылар үйінің алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Жолмырзаев көшесі /Көкжар көшесінен Құрманғазина көшесіне дейін/ Берсиев көшесі /Көкжар көшесінен бастап аяғына дейін/Масатов көшесі, Шернияз көшесі /Жолмырзаев көшесінен Қарағұлов көшесіне дейін/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		16 наурыз (жексенбі) Сағат: 11-00 «Ердеулет» құрылыс дүкені алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Екібаев көшесі, Көкжар көшесі /Берсиев көшесінен Оноприенко көшесіне дейін/ Берсиев көшесі /Құрманов көшесінен Көкжар көшесіне дейін/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер көрсету; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар ойнату; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		Ойыл аудандық ауруханасы	Жаңа туған нәрестелердің ата-аналарына «Наурыз-базарлық» естелік сыйлықтарын (бесік сыйлау) табыстау, құттықтау ұйымдастыру
4	Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні	17 наурыз (дүйсенбі) Сағат: 10-00 Жолмырзаев көшесіндегі Аллея	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Екібаев көшесі /Дәуленов көшесінен Берсиев көшесіне дейін/ Жолмырзаев көшесі /Құрманов көшесінен Көкжар көшесіне дейін/ Дәуленов көшесі /Құрманов көшесінен Шернияз көшесіне дейін/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		Барлық ауылдық клубтар	Ауылдық клубтарда ұлттық кино көрсетілімін ұйымдастыру
5	Ұлттық киім күні	18 наурыз (сейсенбі) Сағат: 10-00 Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Абай көшесі/Көкжар көшесінен Алтынсарин көшесінен дейін/, Құрманов көшесі /Ержанов көшесінен Желтоқсан көшесіне дейін/ Сағырбаев, Сәтпаев көшелері, Еркін көшесі /Амангелді көшесінен Желтоқсан көшесіне дейін/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		18 наурыз (сейсенбі) Сағат: 11-00 «Жолшы» бөбекжай-балабақшасы алаңы	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Оноприенко көшесі, Дүсіпов көшесі, Төлебаев көшесі, Клипанов көшесі, Қарағұлов көшесі, Шернияз көшесі /Қарағұлов көшесінен Оноприенко көшесіне дейін/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		18 наурыз (сейсенбі) Барлық білім беру ұйымдары, мекемелер, ауылдық округтер	«Ұлттық киім күні» тақырыптық чөллендждер ұйымдастыру
6	Жаңару күні	18 наурыз (сейсенбі)	«Ұлттық киім күні» тақырыбында ұлттық киімдерді насихаттау мақсатындағы сән көрсетілімін ұйымдастыру
		19 наурыз (сәрсенбі) Сағат: 10-00 Ш.Бекмұханбетова атындағы мектеп-гимназия алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Құрманғазин көшесі/Қойшығұлов көшесі /Шернияз көшесінен аяғына дейін/ Дәуленов көшесі /Шернияз көшесінен аяғына дейін/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		19 наурыз (сәрсенбі) Сағат: 11-00 Газ мекемесінің алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Әл-Фараби көшесі, Қаңтарбаев көшесі, Көкжар көшесі /Тәуелсіздік көшесінен бастап/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		Мекеме ғимараттары	Әр мекеме ғимаратына тазалық жұмыстарын жүргізу, көгалдандыру
7	Ұлттық спорт күні	20 наурыз (бейсенбі) сағат 10.00 ФОК алды	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Ы.Алтынсарин, Асан қайғы жырау, Еркін көшесі /Тәуелсіздік көшесінен жоғары қарай/ <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		20 наурыз (бейсенбі) сағат 10.00 Бақаев көшесіндегі футбол алаңы	Көше тұрғындары мен көшеде орналасқан мекеме қызметкерлерін, кәсіпкерлік нысандардың иелерін, қызметкерлерін тарта отырып, наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу. Көкжар көшесі /Амангелді көшесінен Абай көшесіне дейін/ Байғанин көшесі, Молдағұлова көшесі, Бақаев көшесі <b>Бағдарламада:</b> - Театрландырылған ұлттық көріністер; - Халыққа Наурыз көже, ұлттық дәм ұсыну; - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.
		ФОК алды	Ұлттық спорт түрлерінен жарыстар /қолкүрес, асық ату, ләңгі тебу/
8	Ынтымақ күні	Білім беру мекемелері	Мектеп оқушыларымен «Көкпар» федерациясы және спорт бөлімінің кездесуі
		21 наурыз (жұма) Сағат: 10-00	Көпшілік шара
9	Жыл басы Ұлыстың ұлы күніне арналған «Наурызнама» шарасы	22 наурыз (сенбі) Сағат: 10-00	<b>Бағдарламада:</b> - Ұлттық мерекелік концерттік бағдарлама; - Ұлттық спорттық ойындар; - Ұлттық киіммен қатынасу сұралады.

## МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ: НЕЛІКТЕН ОҒАН ЖОЛ БЕРІЛМЕУ КЕРЕК?



Мүдделер қақтығысы – бұл мемлекеттік қызметшінің (немесе оның жақын-дарының) жеке мүдделерінің өзінің лауазымдық міндеттерін объективті орындауына әсер етуі мүмкін жағдай. Мысал ретінде, егер мемлекеттік қызметші мемлекеттік тапсырыстарды бөлуге қатысатын болса және оның жақын туыстары өткізілетін тендерге қатысуға ниет білдірген компанияға иелік етсе немесе басқарса, бұл мүдделер қақтығысын тудырады.

Тағы бір кең тараған мысал – ерлі-зайыптылар, жақын туыстары немесе басқа байланысты адамдар лауазымдарды атқарған кезде, олардың біреуі екіншісінің мансаптық өсуіне, табысына немесе басқа кәсіби мәселелеріне әсер етуі мүмкін. Мысалы ретінде, егер мемлекеттік органның кадрлар бөлімінің басшысы жұбайын жұмысқа қабылдау немесе жоғарылату туралы шешім қабылдаса, бұл кадр саясатының объективтілігі мен әділдігіне күмән келтіруі мүмкін.

Қазақстанда мұндай мәселелер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаммен реттеледі.

Неліктен мүдделер қақтығысына жол берілмеуі керек?

Мүдделер қақтығысының басты қауіпі – бұл мемлекет пен қоғамның мүддесі үшін емес, жеке мақсатқа бағытталған шешімдердің қабылдануына әкеледі. Бұл заңсыз баю, фаворизм және билікті асыра пайдалану арқылы көрінуі мүмкін.

Мүдделер қақтығысының туындау себептері әр түрлі болуы мүмкін: материалдық пайдаға ұмтылу (мысалы, аффилирленген компаниялар арқылы пайда табу), мансаптық не-

месе отбасылық қызығушылық (туыстары мен таныстарын лауазымдарға жылжыту), жеке байланыстар мен міндеттемелер (шешім қабылдау кезінде белгілі бір адамдарға жағымды көзқарас).

Мүдделер қақтығысының салдары ауыр болуы мүмкін. Ол кәсібилігі жоқ кадрлар құрамына байланысты мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін төмендетеді, сыбайлас жемқорлық схемаларын тудырады, бюджет қаражатын жымқыруға әкеледі, азаматтардың мемлекеттік құрылымдарға деген сенімін азайтады және мемлекеттік ресурстарды бөлуге әділетсіздік қағидаттарын бұзады.

2024 жылы Департаменттің ден қою шараларымен 2 аудандық өкімдікте және 1 аумақтық департаментте орын алған мүдделер қақтығысы жойылды, 1 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Мүдделер қақтығысы қалай реттеледі немесе қалай алдын-алуға болады?


Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мұндай жағдайларды белсенді түрде анықтайды және алдын алады. Оның құзыретіне мыналар кіреді:

- Мемлекеттік қызметшілерді ықтимал бұзушылықтарға тексеру;
- Ақпараттық түсіндіру жұмыстары, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді оқыту және кеңес беру;
- Заң нормаларын бұзған адамдарға тәртіптік шараларды қолдану.

Т.НҰҒЫМЕТОВ,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облысы бойынша департаменттің бас маманы.

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ТАҒАЙЫНДАУ ҚЫЗМЕТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ



Енді eGov.kz порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған азаматтарға қамқоршылық пен қорғаншылық белгілеу қызметі қолжетімді.

Жаңа қызмет өтініш беру процесін айтарлықтай жеңілдетіп, қағаз түріндегі құжат айналымын жояды және жалған мәліметтерді ұсыну қаупін азайтады. Қызмет жеке және заңды тұлғалар үшін тегін көрсетіледі.

Кәмелетке толған азаматтың әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы сот шешімімен жүзеге асырылады. Осы шешім негізінде болашақ қорғаныс немесе қамқоршы eGov.kz порталы немесе eGov Mobile қосымшасы арқылы қамқоршылық белгілеу туралы өтініш бере алады.

**Қызметті eGov.kz порталында пайдалану үшін:**

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» – «Отбасы» – «Қамқоршылық, қорғаншылық, қолдау» бөліміне өту қажет;
- «Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу» қызметін таңдап, «Онлайн сұрау» батырмасын басу керек;
- өтініш берілетін адамның ЖСН-ін енгізу қажет;
- өтініш берушінің байланыс нөмірі мен электрондық поштасын көрсетіп, «Келесі» батырмасын басу керек;
- өтініш берушімен бірге тұратын қамқорлыққа алынатын адамның мекенжайын таңдау қажет;
- көрсетілген мекенжай бойынша тіркелген немесе бірге тұратын тұлғаларды қосу керек;
- өтінішке қолжетімді тәсілдердің бірімен қол қою қажет;
- қызмет нәтижесі пайдаланушының Жеке кабинетінде «Қызметтер алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

**Қызметті eGov Mobile мобильді қосымшасында пайдалану үшін:**

- eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өтіп, «Қызметтер» – «Жеңілдіктер, жәрдемақы, зейнетақы» бөліміне өту қажет;
- «Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу» қызметін таңдап, қажетті өрістерді толтыру керек;
- тұрғылықты мекенжайды енгізіп, бірге тұратын тұлғаларды көрсету қажет (міндетті емес);
- өтінішті Face ID/Touch ID арқылы қол қою қажет.
- Өтініш бергеннен кейін, пайдаланушының Жеке кабинетіне тиісті бұйрық немесе дәлелді бас тарту жөнелтіледі. Қызмет көрсету мерзімі – 19 жұмыс күні.
- Сонымен қатар, өтінішті қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығында қажетті құжаттарды тапсыру арқылы да беруге болады.
- Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірлескен жұмысы аясында іске асырылды.

**Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**



**ІСКЕР ӘЙЕЛ — ЕЛ МЕРЕЙІ**

ӘЙЕЛ – ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ, ҚОҒАМНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ ҒАНА ЕМЕС, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСАТЫН МАҢЫЗДЫ ТҮЛҒА. БҮГІНДЕ КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДА ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТАРЫ АРТТЫП, ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ҚОҒАМНЫҢ ӘР САЛАСЫНДА ӨЗ ЖЕМІСІН БЕРУДЕ.



Осы орайда, көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай ауданымызда «Іскер әйел – ел мерейі» атты мерекелік шара өтті. Бұл іс-шара кәсіпкерлікпен айналысып, аудан экономикасының дамуына өз үлесін қосып жүрген нәзік жандыларды қолдау мен марапаттау мақсатында ұйымдастырылды. Оған аудан басшылығы, табысты кәсіпкер әйелдер және қонақтар қатысты. Мерекелік жиынның шымалдығы әсем әнмен ашылып, жүргізушілер көпшілікті айтулы мейраммен құттықтады. Әйелдер қауымы бүгінде тек отбасылық ошақтың сақтаушысы ғана емес, сонымен қатар, түрлі салаларда еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жетуде. Кәсіпкер әйелдер – ел экономикасын дамытуға, шағын және орта бизнестің өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген маңызды тұлғалар. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы сөз алып, кәсіпкер әйелдерді мерекелен құттықтап, олардың қажырлы еңбегін ерекше атап өтті. Әкім көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен аудан тұрғындарына көмек көрсеткен кәсіпкер әйелдердің еңбегін айрықша бағалап, марапаттау табыс етті. Аудан әкімінің орынбасары Нұржау Тұрғамбеков кәсіпкер әйелдерге жылы лебізін білдіріп, олардың бизнесте ғана емес, қайырымдылық шараларында да белсенділік танытып жүргенін атап өтті. Сонымен қатар, ол шағын және орта бизнестің дамуы ауданның әл-ауқатының артуына тікелей әсер ететінін және бұл бағытта әйелдердің рөлі зор екенін айтты. Мерекелік кеш барысында нәзік жандыларға құрмет көрсетіліп, оларға арнайы сыйлықтар табыс етілді. Жиналған қауымға «Аяулы ана», «Қыздар-ай», «Жақсы адамдар» сынды әсем әндер тарту етіліп, мерекелік атмосфера ерекше әсер сыйлады. Іс-шара соңында аудандық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Абат Мұбаракөв кәсіпкер әйелдерді төл мерекелерімен құттықтап, оларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, эвакуациялық пунктте бес ай бойы үздіксіз қызмет еткен Гүлшат Аққонысова еңбегі ерекше атап өтіліп, марапатталды. Бүгінде әйел кәсіпкерлер тек бизнесте ғана емес, қайырымдылық пен қоғамға қызмет етуде де белсенділік танытып келеді. Олардың еңбегі зор құрметке лайық. «Іскер әйел – ел мерейі» атты мерекелік шара нәзік жандыларға деген құрмет пен алғыстың жарқын көрінісі болды. Бұл күні ауданымыздың кәсіпкер әйелдері тағы бір мәрте өздерінің тек отбасы ұйытқысы ғана емес, қоғамның дамуына үлес қосушы тұлғалар екенін дәлелдеді. Осындай шаралар олардың еңбегін бағалауға және қолдауға бағытталған маңызды қадам болып қала бермек.

**«ЖЫР ЖАЗАМЫН ЖҮРЕГІММЕН»**

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ НӘЗІК ЖАНДЫЛАРҒА АРНАЛҒАН «ЖЫР ЖАЗАМЫН ЖҮРЕГІММЕН» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІН ҰЛЫҚТАҒАН БҮЛ КЕШ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ ҮШІН ЕСТЕ ҚАЛАР ШАРА БОЛДЫ.



Шараның шымалдығы аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлының жүрекжарды құттықтау сөзімен ашылды. Ол әйел-аналардың отбасы мен қоғамдағы маңызын атап өтіп, олардың ерен еңбегіне алғысын білдірді. «Ана – әр шаңырақтың берекесі, ұрпақтың тәрбиешісі, ізгіліктің бастауы. Сіздердің мейірімдеріңіз бен даналықтарыңыз қоғамды көркейтіп, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беруде үлкен рөл атқарады», – деді аудан басшысы. Салтанатты кеш барысында өңірдің дамуына өз үлесін қосқан бірқатар әйелдер қауымы облыс әкімі Асхат Шахаровтың Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, ауданның дамуына өз үлестерін қосып жүрген нәзік жандылар да назардан тыс қалмады. Оларға аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы арнайы құттықтау хат табыстап, жылы лебізін білдірді. Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Жергілікті өнерпаздар нәзік жандыларға арнап әсем әндерін шырқап, кештің сәнін аша түсті. Бишілердің өнері жиналған қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

**АНАЛАР – ҚОҒАМНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ**



Көктемнің ең шуақты мерекесі – 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі аналар бас қосып, мерекелік кештің құрметті қонақтары болды. Мерекелік жиын жылы жүзді кездесумен басталып, ақ жаулықты аналар ақ дастархан басында бас қосты. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мен ауылдық округ басшылары аналардың қоғамдағы маңызды рөлін атап өтіп, оларды айтулы мерекелен құттықтады. «Аналар – отбасының тірегі, қоғамның алтын діңгегі. Олардың мейірімі мен

еңбегін ешбір байлықпен өлшеуге болмайды. Бүгінгі кеш – сіздерге деген шынайы алғысымыздың бір көрінісі», – деді аудан басшысы. Шара барысында ақ жаулықты аналарға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығы тіленіп, олардың қоғамға сіңірген еңбегі ерекше атап өтілді. Кеш барысында жергілікті өнерпаздар аналарға арнап әсем әндерін тарту етіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жүрекжарды тілектер айтылып, аналардың жүзіне қуаныш пен ризашылық ұялады. Шара соңында аналарға мерекелік сыйлықтар табысталды.

**ОҰЫЛДЫҢ ӨНЕР ЕРКЕСІ**



Ойыл топырағы талай таланттарды түлеткен қасиетті мекен. Солардың бірі – ауданымыздың жарқын өкілі, республикалық байқаулардың лауреаты, «Арай» өнер мектебінің директоры Арайлым Мырзабекова. Сахнаға адалдық, өнерге деген шексіз сүйіспеншілік – Арайлым Мырзабекованың шығармашылық жолының басты ұстанымы. «Қазақтың қызымын» әнімен шымалдығы түрілген кеш көрермендердің қолдауын ие болды. Өнші туған жерге деген махаббатын «Ойыл валсы» арқылы жеткізіп, тыңдармандарын тебірентті. Концерт барысында «Ойылдың ерке толқыны» сынды сырлы әндермен қатар, халық әндері де шырқалып, тыңдарманға рухани азық сыйлады. Әсем дауыс, жүректі тербер

еуен, сахна мәдениеті – әрбір орындалған әнмен үйлесім тауып, көрермен жүрегінен орын алды. Кештің шарықтау шегі – «Ойылым менің – ойдағы елім» әні болды. Бұл туынды – өнер иесінің туған өлкесіне деген шынайы алғысы, шығармашылығының бастауы мен рухани тірегі сынды. Сахнада өткен 25 жыл – тек бір белес қана. Алда жаңа әндер, биік асулар, үлкен жетістіктер күтіп тұр. Арайлым Мырзабекова – Ойылдың мақтанышы, ұлттық өнердің жарысы, елдің еркесі. Оның өнері – туған жердің үні, халқына деген махаббатының айқын көрінісі. Әнмен жүрек тербеп, тыңдарманын қуаныш пен сезімге бөлейтін әншіге алдағы шығармашылық жолында толағай табыстар тілейміз!

**«АУЫСПАЛЫ КУБОК» – ОҰЫЛДА ҚАЛДЫ**



Ойыл ауданында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай спорттық рух пен салауатты өмір салтын дәріптеу мақсатында волейбол турнирі ұйымдастырылды. 2025 жылдың 6 наурызында Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде қыз-келіншектер арасында волейболдан «Ойыл кубогі» аудан біріншілігіне ауданның түрлі мекемелерінен құралған тоғыз команда қатысты. Тартысты өткен турнирдің қорытындысы бойынша топ жарған Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт

мектебі «Ауыспалы кубокқа» ие болса, Қайыңдыдан келген қыз-келіншектер жарыстың күміс жүлдесіне қол жеткізді. Шығанақ Берсиев ауылдық округінің қыздары қол медалды қанағат тұтты. Сонымен қатар, жарыс барысында ерекше көзге түскен ойыншылар арнайы номинациялармен марапатталды. Ш. Болатова - Үздік шабуылшы болса, М. Қожамұратова - Үздік байланыстырушы деп табылды. Үздік қорғаушы жүлдесі М. Байниязоваға бұйырды.

**ЖАС АРУЛАРҒА КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ**

КӨКТЕМНІҢ ШУАҒЫМЕН ҚАТАР КЕЛЕТІН 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЕРЕКШЕ СӨН-САЛТАНАТПЕН АТАЛЫП ӨТТІ. ОСЫ ОРАЙДА, 16 НАУРЫЗ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ АУДАН ЖАСТАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ АРУЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУІ ӨТТІ.

Кездесуге аудан орталығындағы жастар бірлестігі мен ауылдық округтен белсенді жастар қатысты. Аудан әкімі жас аруларды көктем мерекесімен құттықтап, олардың аудан дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті. Кездесу барысында аудан әкімдігі жастардың еңбегін бағалап, белсенді аруларға алғыс хаттар мен арнайы

сыйлықтар табыс етті. Шара соңында аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Бақытжанқызы сөз алып, жас қыздарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, олардың қоғамдағы рөліне тоқталды. Осындай игі шаралар – жастардың ынтысын арттырып, олардың қоғамға қосқан үлесін бағалаудың жарқын үлгісі



**БОТУЛИЗМ**

Ботулизм – *Ceastriclium botulium* бактерия шығаратын токсиннен туындаған сирек, бірақ ауыр сырқат. Ботулизмді болдырмау үшін кейбір алдын алу шараларын сақтау керек! 1) Ботулизм көбінесе нашар консервіленген немесе дұрыс оралмаған тағаммен байланысты. Егер сіз үйде тағамды консервілеумен айналысатын болсаңыз, қауіпсіздік жөнінде ұстанымдарды ескеріңіз, дұрыс консервілеу әдістерін қолданыңыз және гигиена сақтаңыз. 2) Ерекше иісі, сыртқы түрі немесе бұліну белгілері бар тағамдарды тұтынбаңыз. Алайда өнімнің сыртқы түрін өзгерте алмайтын *Ceastriclium botulium* бактериясы бар. 3) Ботулизм кейде нашар пісірілген немесе сақталған саңырауқұлақтарды тұтынумен байланысты. Саңырауқұлақтарды дұрыс өңдеп, сақтағаныңызға көз жеткізіңіз және оларды жинау кезінде қауіпсіздік бойынша ұсынымдарды есте сақтаңыз. 4) Ботулизмнің кейбір жағдайлары пастерленбеген балды тұтынумен байланысты болады. Бір жасқа толмаған балаларға

пастерленбеген балды тұтыну ұсынылмайды. 5) Бір жасқа толмаған балаларға *Ceastriclium botulium* бактериясы жұғуы мүмкін тағамдарды (бал жұнғақ пастасы және шикі немесе толық пісірілмеген тағамдар) беруден аулақ болыңыз. 6) Тағамды дұрыс өңдеуді, пісіруді және сақтауды қамтамасыз етіңіз. Тағамды дұрыс термиялық өңдеу бактерияларды, оның ішінде *Ceastriclium botulium* бактерияларын өлтіреді және инфекция қаупін болдырмайды. 7) Ботулизмнің белгілері туралы біліп, ауруға күдік туындаған кезде дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Ботулизм сирек кездесетін ауру екенін есте ұстаған жөн және тағамның жалпы қауіпсіздік қағидаларын сақтау және оның пайда болуын болдырмау жеткілікті. Егер сізде сурақтар немесе алаңдаушылық туындаса, медицина маманынан немесе дәрігерден кеңес алу ұсынылады.

**Ғ. ҚҰБАЕВ,**  
Ойыл аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

**ҚҰС ТҰМАУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?**

Құс тұмауы – жиі жағдайда вирустың H5N1 штаммымен қоздырылып, құстарды зақымдайтын жұқпалы ауру. Құс тұмауы вирустарының табиғи көзі суда жүзетін жыл құстары болып табылады. Үй құстарының барлық түрлері, оның ішінде тауықтар мен күрек тауықтар құс тұмауына шалдығуға ерекше сезімтал, және бұл жиі жағдайда құстарды жаппай қыратын індет дамуына әкеліп соғады. Құс тұмауының вирустары адамдарды да зақымдап, ауруларға әкелуі мүмкін. Құс тұмауының адамдардағы белгілері әдеттегі тұмау дерті белгілеріне өте ұқсас (өте жоғары дене қызуы, тыныс алудың қиындығы, жөтел, тамақтың, бұлшық еттердің ауыруы, конъюнктивит, жалпы улану көріністерімен ерекшеленеді). Өкпені, жүректі және бауырды зақымдау түріндегі күрделі асқынудар өте қауіпті, бұлар өлімге әкелуі мүмкін. Жұқпаның көзі-ауру құстар болып табылады. Вирустың таралу қаупін ескере отырып, оның алдын алу және таралуына жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдау қажет. 1. Жылы жақтан құс көлуіне байланысты суда жүзетін жабайы құс түрлерін үй құстарымен қарым қатынаста болуына жол бермеу. 2. Құс өсірумен және ұстаумен айналысатын шаруашылықтарда алдын алу шараларын ұйымдастыруды күшейту. Құс фермаларын және құстардың басқа мекендерін мұқият зарарсыздандыру.

3. Құс фабрикаларына жабайы және синатропты құстардың жемге, суға және құстар ұстайтын орындарға қол жеткізуіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау. 4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығымен бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес ветеринариялық алдын алу шараларын уақытылы және міндетті түрде орындауды қамтамасыз ету. Өлемдегі жоғары патогенді құс тұмауына (бұдан әрі-ЖПҚТ жоғары патогенді құс тұмауы) байланысты эпизоотиялық жағдай тұрақсыз болып қалуда. Дүние жүзілік жануарлар саулығы ұйымының ХЭБ (Халықаралық эпизоотиялық бюро) ресми сайтында жарияланған ақпаратқа сәйкес шет елдерінде үй құстары арасында ЖПҚТ індетінің өршу жағдайлары тіркелген. Бұл ауру біздің аймақта да орын алуы мүмкін. Сол себепті жоғарыда айтылғандарды ескере отырып ауданымыздың тұрғындары, балықшы және аңшылар және табиғатты қорғау инспекторлары, егерлер өзен-көлдерде, елді мекендерде, өлген құстарды байқаған жағдайда және күдікті жағдайлар анықталған жағдайда шұғыл түрде, Ойыл аудандық аумақтық инспекциясына хабарлауларыңызды сұраймыз.

**ҚР АШМ ВБЖҚ Комитеті Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы**